

Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 хаттама негізінде баяндама

Әдіскер: Несипбаева Р.М.

17.11.2025 жыл

Тақырыбы: Әлеуметтік желілерде кәсіби этиканы сақтау туралы

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты әлеуметтік желілер адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Әлеуметтік желілер адамдардың өзара қарым-қатынас жасауына, тәжірибе алмасуына және ақпарат таратуына кең мүмкіндік береді. Алайда бұл мүмкіндіктермен қатар әрбір қызметкердің кәсіби этиканы сақтау жауапкершілігі де арта түсуде.

Педагог мәртебесіне ие қызметкер әрқашан қоғам назарында болады. Сондықтан әлеуметтік желілерде жарияланатын кез келген ақпарат білім беру ұйымының беделіне, ұжымның абыройына және педагогтың кәсіби имиджіне әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты әрбір қызметкер әлеуметтік желілерді пайдалану барысында педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтауы қажет.

Әлеуметтік желілерде кәсіби этиканы сақтау келесі қағидаттарға негізделеді:

- * Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;
- * Педагогикалық әдеп қағидаларын басшылыққа алу;
- * Қызметтік және жеке ақпараттың құпиялылығын сақтау;
- * Әріптестерге, тәрбиеленушілерге және ата-аналарға құрметпен қарау;
- * Дұрыс және шынайы ақпарат тарату;
- * Білім беру ұйымының іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу.

Әлеуметтік желілерде жарияланатын материалдарда бала құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Балалардың фотосуреттері мен бейнематериалдарын жариялау кезінде ата-аналардың келісімі болуы тиіс. Сонымен қатар тәрбиеленушілердің жеке деректерін жариялауға жол берілмейді.

Педагогтарға әлеуметтік желілерде:

- * әдепсіз сөздер қолдануға;
- * жалған ақпарат таратуға;
- * қызметтік мәселелерді көпшілік алдында талқылауға;
- * әріптестердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін пікірлер жариялауға;
- * кемсітушілік сипаттағы материалдарды орналастыруға болмайды.

Керісінше, әлеуметтік желілерді кәсіби тәжірибе алмасу, педагогикалық жетістіктерді насихаттау, ата-аналармен тиімді байланыс орнату және білім беру саласындағы оң тәжірибелерді тарату мақсатында пайдалану ұсынылады.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілердегі әрбір жарияланым қызметкердің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігінің көрсеткіші екенін атап өткім келеді. Әрқайсымыз педагогикалық әдеп нормаларын сақтай отырып, білім беру ұйымының оң имиджін қалыптастыруға өз үлесімізді қосуымыз қажет.

Назарларыңызға рақмет!

Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы:

Күні: «17» 11 2026 жыл.

